



№65 (10055)
17 тамыз,
сенбі
2024 жыл

Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Егінжай – 2024

Диқандар күзгі науқанға кірісті

Жаз бітіп, күз мезгілі таяғанда елімізде үлкен орақтың басталатын күні де жақындайды. Бүгінгі таңда барлық егіс алаңындағы шаруалар науқанға қызу дайындық үстінде. Егер алдағы күндерде де күн райы қолайлы болса, бүгінгі техникалардың өнімділік қарқынымен бар астықты бір-екі айдың көлемінде жинап алуға ниетті.



Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Үкімет биылғы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге 580 млрд теңге көлемінде рекордтық қаражат бөлген. Ауыл шаруашылығы техникасын лизингке сатып алуға бағытталған сома 5 есеге ұлғайтылған. Мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдау шараларын кеңейту шаруаларға егіс науқанын сәтті өткізуге мүмкіндік бермек.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметінше, Қазақстанда жаппай егін жинау жұмыстары тамыздың үшінші онкүндігінде басталады. Бүгінгі таңда ауыл шаруашылығы техникасының дайындығы 98 пайызды құрайды. Барлығы 149 мыңнан астам трактор, 38 мың астық жинайтын комбайн және 14 мың дестелегіш тартылатын болады.

Үкімет басшысы вице-премьер Серік Жұманғариннің басшылығымен тиісті министрліктер, әкімдіктер мен шаруалар арасындағы жұмысты үйлестіру мен бақылау үшін егін жинау науқанын өткізу жөніндегі жедел штаб құруды тапсырған. Сонымен қатар шаруаларға күзгі дала жұмыстарын жүргізуге 64 мың тоннадан астам жеңілдігі бар дизель отынын жөнелтілген. Бекітілген кестеге сәйкес, өңірлерге барлығы нарық бағасынан төмен деңгейде тіркелген баға бойынша шамамен 355 мың тонна жеткізіледі. Дизель отынын жеткізуді бақылау және ашықтығын қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылданған. Қажеттілік туындаған жағдайда шаруаларға астықты кептіруге дизель отынының қосымша көлемі де бөлінеді.

ЖАЛҒАСЫ 2-БЕТТЕ.

Мәселе



Экономикалық патриотизм – ел болашағының іргетасы

Бүгінде еліміз үшін кәсіпкерлікті дамыту басты мәселенің бірі болып отыр. Халықтың жаппай кәсіпке бетбұруы үшін Үкімет қаншама бағдарламалар мен жобаларды іске қосты. Оның ішінде азаматтарға жеңілдетілген несие беру, отандық өнімді қолдау, жас кәсіпкерлерге бағыт-бағдар беру сынды жұмыстар атқарылды. Нәтиже де жаман емес, қазіргі таңда әсіресе ауылдық елді мекендерде жеке кәсібін дөңгелеткен азаматтар көбейіп келеді.

Иә, мәселелер жоқ емес, бар. Соның бірі отандық кәсіпкерлер өздерінің өндіріс өнімдерін сатуы, тұтынушыға өткізуі қиындау болып отыр. Мәселен, ел азаматтары отандық өнімге жүгінуден гөрі Қытайдан арзан бағада жеткізіліп жатқан өнімді таңдап жатады. Әрине мұндай құбылысқа баға, сапа секілді критерийлер әсер етеді. Алайда отандық өнімдердің сапасын нашар дегуге келмейді, Қытайдың затынан сапа жағынан мың есе артық. Бірақ бағаға келсек, шетелдік өнімнен қымбаттау. Сондықтан болар халық отандық кәсіпкерлерді қолдауға онша құлшыныс танытпайтыны. Осы орайда Үкімет экономикалық патриотизм қағидатын қатаң ұстануды міндет еткен.

Апта басында Премьер-Министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында отандық тауар өндірушілерді қолдау мәселесі қаралды. Үкімет Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жер қойнауын пайдаланушылардың, квазимемлекеттік және мемлекеттік сектордың сатып алу саласындағы жергілікті өнімдер мен қызметтердің үлесін 60 пайызға жеткізу туралы тапсырмасы бойынша жүйелі кешенді жұмыстар жүргізіп келеді. Бүгінде бірқатар сала оң нәтиже көрсетіп отыр, оның ішінде импорттың

тұрақты қысқаруы және өндіріс көлемінің артуы. Мәселен, өңдеу өнеркәсібінде әкелінетін өнім көрсеткіші 7 пайызға төмендесе, өндіріс көлемі 4 пайызға артқан. Машина жасауда, металл бұйымдарың, қағаз өнімдерін өндіруде сыртқы жеткізілімдерге тәуелділік төмендеген.

Жоғарыда айтып өткендей, экономикасы қарқынды дамыған бірқатар мемлекет ішкі нарықты қолдау және қорғау саясатын белсенді жүргізіп келеді. Халықаралық валюта қоры мұндай қорғау шараларының жартысына жуығы Қытай, Еуропалық Одақ және АҚШ экономикаларына тиесілі екенін атап көрсетті. Осы орайда еліміз әлемдік тәжірибені ескеріп, импорттық тауарлардың үлесін төмендетуге отырып, өз өндірушілерін қолдау шараларын көңіл қолдануға бетбұрды. Сондай-ақ Үкімет экономикалық патриотизм қағидатын қатаң ұстанатын болады. Өйткені мемлекет қашанда отандық өндірушіні қолдайды. Бұл – әрбір өкімнің, әрбір салалық министрдің міндеті. Ол тек сөз жүзінде ғана емес, нақты іс жүзінде орындалуға тиіс.

Ішкі нарықты қолдау жөніндегі шаралар заңнамалық деңгейде бекітіледі. Президент сатып алу рәсімдерін жүргізу кезіндегі талаптарды қатаңдататын

«Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа Заңға қол қойды. Бұл ретте бүгінде сатып алу сапасын бақылауды одан әрі күшейтуді көздейтін түзетулер Мәжіліске енгізілген. Өзгерістер жаңа тегікті – отандық Тауар өндірушілердің бірыңғай тізбесін енгізуді көздейді, оған өнім шығарып отырған өндірістік қуаттары жетерлік, әрі қарай даму үшін әлеуеті мен жоспарлары бар нақты кәсіпорындар кіреді. Бұл платформаны құрудың негізгі мақсаты – еліміздің негізгі өндірістерін жүйелеу және отандық бизнесті қорғау.

Тізімге енген кәсіпорындар мемлекеттік қолдау шараларын басым тәртіппен алатын болады. Бұл ретте оларға өндірісті жаңғырту, бәсекеге қабілеттілікті арттыру, жалақыны өсіру бойынша қарсы міндеттемелер қойылады. Компаниялардың қызметін бақылау онлайн режимде цифрлық скрининг негізінде жүзеге асырылатын болады, бұл сыйайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға мүмкіндік береді. Мониторинг салық және кеден қызметтері, еңбек инспекциялары және басқа да ведомстволар тарапынан жүргізілетін болады.

Мемлекеттік сатып алу реттеу мәселесінде Үкімет бірқатар міндеттер бойынша жұмыс жүргізбек. Өзекті мәсе-

лелердің бірі – қазақстандық тауарлар каталогтарының қайталануы, бұл өнімді импорттауға және одан өні отандық тауар ретінде сатуға мүмкіндік береді. Осы ретте Қаржы министрлігі халықаралық стандарттарға сәйкес келетін Мемлекеттік сатып алу алудың электронды каталогын әзірлеген.

Сондай-ақ Өнеркәсіп министрлігіне мемлекеттік органдармен және ұйымдармен бірлесіп, отандық шикізат пен материалдарды пайдалану бойынша ірі мердігер компаниялардың міндеттемелеріне мониторинг жүргізудің пәрменді тетігін әзірлеуі тиіс. Қазақстандық өнімдер бола тұра, импорттық тауарларды сатып алу жалғасып келеді, мұны доғару – басты міндет.

Соңғы жылдары ауданда кәсіпке бетбұрған азаматтар қатары артқан. Сол арқылы өңірде жұмыссыздық мәселесі де оң шешімін тапты. Биыл алғашқы алты айда ауданда жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2949-ға жетсе, бүгінде оның 95,4 пайызы нақты жұмыс істеп тұр.

Салаға жауапты бөлім басшысы Жасулан Дүйсебаев биыл 6 айда кәсіпкерлік саласына қаржы институттары арқылы 2,3 млрд теңге тартылғанын айтады. Нәтижесінде 52 жоба қаржылай қолдау тапқан. Салаға серпін беруге негізделген мемлекеттік қолдау бір жағынан ауданда жұмыссыздық мәселесін түсатуға да айтарлықтай сеп болып отыр. Мәселен, жыл басынан бері қолдау тапқан 50-ден астам жобаның арқасында 60-қа жуық жаңа жұмыс орны ашылған.

Жандос ЖАЗКЕН

Отбасылық бизнес



Бөдене баптап, табыс тапқан

Мемлекеттен қайтарымсыз грант жеңіп алған Айзат Сағызбаева биыл құс шаруашылығын қолға алған. Аламесек ауылдық округінің тұрғыны бүгінде кәсібінің жемісін көріп отыр. Сөзінше, бөдененің етінен бөлек жұмыртқасы да түрлі дертке дауа екен.

Жобасы қаржылай қолдау тапқан ол бүгінде кәсіптің бұл түрін қолға алынғанына екінебейді. Себебі бөдене жұмыртқасына ауданда сұраныс жоғары көрінеді. Жас кәсіпкер мемлекеттік бағдарламамен 1 млн 476 мың теңге қайтарымсыз грант алған. Тиісті қаражатқа қажетті құрал-жабдықтарын сәйкестендіріп, 1500 бөдене сатып алынды. Бүгінде жолдасы Жомарт Тәймбетов екеуі кәсіптің бұл түрін отбасылық бизнеске айналдырған.

Басында мал шаруашылығымен айналысуды жоспарлады. Бірақ ауылдық жерде барлығы қорада мал ұстайды. Тіпті екінің бірі мал бордақылап сатады десе де болады. Жолдасымен ақылдаса отырып, «құс шаруашылығын қолға аламыз» деп шешті. Бастапқыда кәсіптің бұл түрі бізге таңсық болды. Себебі бөдене көнігі тауық секілді емес, күтiмi мүлде басқа екен. Алғашқы әкелген бөденелеріміз күтiмi дұрыс болмағандықтан шығынға ұшырады. Кейін тағы да сатып алып келдік. Жолдасымыз екеуіміз оның күтiмiне қатысты деректермен таныстық. Қазір жұмыртқасын сатып жатырмыз, – дейді Айзат Таңжарыққызы.

Ол кент орталығындағы 5-6 сауда орталығы мен дәмханалар иесімен бөдене жұмыртқасымен қамтамасыз ету жөнінде келісімге келген. Бірақ қазір өнім өз ауылынан артылмайды екен. Сондықтан кәсіпкер келішек балапан шығаратын арнайы аппарат та сатып алынды. Алдағы уақытта бөдененің санын өлі де көбейтіп, тұтас аудан жұртын өз өнімімен қамтамасыз етуге ниетті.

Жомарт Тәймбетов бөденені қолға ұстамас бұрын ең алдымен оны қандай мақсатпен өсіретінін білген дұрыс дейді. Сапалы, диеталық бөдене етін өндіруді мақсат етсеңіз, бөдененің калифорниялық тұқымы қолайлы екен. Ал бөденені жұмыртқасы үшін өсіру ойда болса, бұл іске жапон бөденесінен артығы жоқ дейді.

Үй шаруашылығында өсірілетін жапон бөденесі өсіп-жетілуіне 50-60 күн өткеннен кейін-ақ жұмыртқа бере

бастайды. Яғни оны өсіру арқылы тез арада жұмыртқаға кенелетін боласыз. Мәселен, салыстырмалы түрде айтсақ, тауық өдетте 180-210 күннен кейін жұмыртқа береді. Ал жапон бөденесі бір жылдың ішінде 300-ге жуық жұмыртқа береді. Дәмді, адам денсаулығына пайдалы, жұмыртқаның салмағы 10-14 грамды құрайды. Күтіміне келсек, «Бөденені торда ұстаған дұрыс па, әлде бұл іске инкубатор қолайлы ма?» деген сауал болды. Бөденені қолдан өсірген жағдайда бұл сурақтың да сіздің алдыңыздан көлденеңдеп шығатыны анық. Егер сіз бөденені жұмыртқадан бастыратын болсаңыз, онда сізге ең дұрысы инкубатор сатып алу керек. Мұндай жұмыртқа бастыруға арналған шағын тұрмыстық инкубаторларды кез келген базардан немесе арнаулы дүкендерден кездестіруге болады. Сондай-ақ зауыттан шығарылатын дайын инкубаторлармен қатар оны қолдан да жасап алуға болады. Мұндай инкубаторларды қалай жасайтыны жөнінде кеңесті мен интернеттен алдым. Бастапқыда 1500 бөдене алғанбыз. Әдепкілерінің барлығы шығынға ұшырады. Енді олардың орнын толтыру үшін өлгінді аппаратпен көбейтуге кірістім, – дейді Жомарт Тәймбетов.

Иә, бөдененің еті де, жұмыртқасы да түрлі дертке дауа. Адамның ойлау қабілетін арттырып, ағзаны түрлі жұқпалы аурулардан қорғайды екен. Тауық жұмыртқасына қарағанда бір грамм бөдене жұмыртқасы құрамында А және D дәрумендері екі есе көп болады екен. В тобындағы дәрумендер де алты есе, фосфор, калий және темір төрт-бес есе жоғары. Бұл диеталық өнімде мыс, кобальт, никотин қышқылы мен амин қышқылы да мол. Осындай мәліметтерге қаныққан Тәймбетовтер отбасы өнімді өздері де тұтынады екен. Бір жағынан бірнеше елді мекенді өз өнімімен қамтамасыз етіп отыр. Мемлекеттен төмен пайызбен несие берілсе, бөдене етімен де тұтынушыларын қамтамасыз етуге ниетті екен.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Қабылдау

Сала мамандары құрмет төрінде

Сәрсенбіде аудан әкімінің орынбасары Арнұр Нұрмағанбетов мемлекеттік кірістер органының құрылғанына 10 жыл толуына орай сала ардагерлері мен қызметкерлерін қабылдады. Мерекелік басқосуда Арнұр Әлібекұлы сала мамандарын кәсіби мерекелерімен құттықтап, ауданның салық базасын нығайту бағытындағы атқарып жатқан жүйелі жұмыстарына алғысын білдірді.

Мемлекеттік кірістер органдарының әрбір қызметкерінің қосқан үлесінің арқасында ел қазынасы жыл сайын толықтырылып, экономикалық өсім қамтамасыз етілуде. Бүгінгі күні мемлекеттік әлеуметтік бағдарламалар табысты іске асырылуда. Мемлекет әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыруда, жолдар, балабақша, мектеп, аурухана салып, халыққа тегін медициналық көмек көрсетіліп, елдің экономикалық қауіпсіздігі қамтамасыз етілуде. Яғни қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылық, халықтың құқықтық білімін арттыру, бюджетке түсетін салық түсімдерін бақылау оның бәрі мемлекеттік кірістер қызметкерінің басты міндеттері.

Аудан бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының қызметкерлері мен кент және ауылдық округтердегі салықшылардың бұл мақсатты орындауда өздерінің лайықты үлестерін қосып келеді.

Аудан бойынша 2024 жылдың I-ші жарты жылдығында мемлекеттік бюджетке 1 579 593,0 мың теңге болжамдалып, 1 791 247 мың теңге түсім түсіп, болжам 113,4 пайызға орындалған. Өткен жылмен салыстырғанда түсім 332 041,0 мың теңгеге артық түсіп немесе есу қарқыны 122,8 пайызды құрап отыр.

Оның ішінде аудандық бюджетке 1 026 839,0 мың теңге болжамдалып, 1 069 516,0 мың теңге түсім түсіп, болжам 42 677,0 мың теңгеге артық немесе 104 пайызға орындалды. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда түсім 59 058,0 мың теңгеге артық түсіп немесе есу қарқыны 106 пайызды құрауда, – деді аудан әкімінің орынбасары Арнұр Әлібекұлы.

Аудан бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы жергілікті атқарушы органдармен тығыз қарым-қатынаста



болып, салықтық түсімдерді ұлғайту мақсатында нақты шаралар қабылдап келеді. Ақпараттық жүйелерде уәкілетті органдардан және үшінші тұлғалардан алынған мәліметтер негізінде салық төлеушілердің салық есептілігіне талдау, камералдық бақылау, өңімелесу жұмыстары нәтижесінде бюджетке 202 743,1 мың теңге түсім түсірсе, жергілікті бюджетке 810 57,7 мың теңге қосымша түсім түсірілген.

Мерекелік қабылдау сонында аудан әкімінің орынбасары сала қызметкерлерін «ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетіне 10 жыл»

төсбелгісімен «Қызмет» Мемлекеттік банк мекемелері және қоғамдық қызмет көрсету қызметкерлері салалық кәсіподағының «Еңбек озаты» медалімен, Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің «Құрмет грамотасымен», және аудан әкімінің алғыс хатымен марапаттады. Сондай-ақ аудандық мәслихат төрағасы Өмірзақ Тұрымбетұлы сала мамандарына ақ тілегін жаудырып, мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Байғазиев Русланға құттықтау хатын табыстады.

Ақтоты БҰРКІТБАЙ

Хабарландыру



Құрметті үміткерлер!

Сіздердің назарларыңызға Жалағаш ауданы бойынша 2024-2025 оқу жылына облыс әкімінің оқу грантына 5 орын бөлінгендігін жеткіземіз.

Облыс әкімінің гранты төменде көрсетілген оқу орындарына және мамандықтар бойынша беріледі:

1. Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетіне – 2 грант
– кәсіп техникасы және технологиялар – 1
– дәстүрлі музыка өнері – 1
 2. Қызылорда «Болашақ» университетіне – 1 грант
– кәсіптік пайдалану және жүк қозғалысымен тасымалдауды ұйымдастыру – 1
 3. Қазақ Ұлттық аграрлық зерттеу университетіне – 2 грант
– ветеринарлық медицина – 2.
- Облыс әкімінің грантын тағайындауға үміткерлерден өтініш қабылдау 2024 жылғы 6-15 тамыз аралығында жүргізіледі.
- Қабылдау орны: Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №1, «Жалағаш аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, 2 қабат.
- Қажетті ақпараттар алу үшін байланыс телефоны: 8-724-31-31-3-93.

Жалағаш ауданының әкімдігі

Брифинг

6 айда 10 өрт оқиғасы орын алған

Биыл 6 айда ауданда 10 төтенше жағдай тіркелген. Оның 7-еуі техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар, яғни өрт оқиғаларына жатады. Ал былтыр алғашқы 6 айлықта дәл осындай 31 жағдай тіркелген, оның 24-і – техногенді сипаттағы төтенше жағдай. Биыл төтенше жағдайлар 67 пайызға азайған. Орын алған төтенше жағдайлардың барлығы да уақытылы ауыздықталған. Бірақ салдарынан 1 адам қаза тауып, 1 адам жарақат алған. БАҚ өкілдерімен өткен брифингте аудандық төтенше жағдайлар бөлімі басшысының міндетін атқарушы Асанәлі Арапбаев осылай деді.



Аудан аумағынан Сырдария өзенінің 84,5 шақырымы өтеді, оның бойында 96,5 шақырым қорғаныс бөгеті орналасқан. Оның ішінде оң жағалауында – 56, сол жағалауында – 40,5 шақырым. Сонымен қатар Қараөзек арнасының 48 шақырымы өтіп, онда 8,3 шақырым қорғаныс бөгеті орналасқан. Бөлім басшысының міндетін атқарушы бұл бөгеттер Жалағаш кентінің Дәуімбай учаскесі, Ақсу, М.Шаменов, Таң және Қаракеткен ауылдық округіне қарасты Далдабай елді мекендерін мол судан қорғау үшін салынғанын айтады.

Жалағаш ауданы бойынша су алу қаупі бар қауіпті аймақтарда 9 767 тұрғын, 1818 тұрғын үй, 22 822 үй жануары бар. Су тасқыны кезеңінде қауіпті аймақтағы елді мекен тұрғындарын эвакуациялауды қамтамасыз етуге 4 жинақтау және 10 қабылдау бекеті дайындалып келтірілген. Сонымен қатар аудан бюджетінен 21 млн 365 мың теңге қаржы қаралған. Су тасқынына жұмылдырылатын техникаларды жанармаймен қамтамасыз ету мақсатында 3,8 тонна дизель және 920 литр бензин жасақталып, ыстық тамақ және киім-кешекпен қамтамасыз ету мақсатында жеке кәсіпкерлермен әріптестік келісім жасалған.

Өрт қауіпсіздігі бойынша мүдделі мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынаста арқалы аудандық нысандар нақтыланған. Нәтижесінде аудан бойынша 410 нысан есепке алынған. 49 тексеру болып, оның ішінде профилактикалық бақылау мен қадағалау жұмыстары 13 нысанға жүргізілді. Аудандық прокуратура қаулысы негізінде 36 нысанға жоспардан тыс 36 тексеру жүргізіліп, өрт-техникалық тексеру жұмыстары барысында 244 кемшілік анықталған.

Спикер орын алған өрттердің 5-еуі тұрғын үй секторында автокөліктерде 1 өрт оқиғасы, 1 жағдай нысандарда орын алғанын айтады. Сондай-ақ 6 айда 3 дала өрті тіркелген. Асанәлі Арапбаев көбіне мұндай жағдайлар қауіпсіздік ережесі сақталмағанын орын алатынын айтады. Мәселен, жыл басынан бері электр желісінің қысқаша тұйықталуынан 5 өрт оқиғасы орын алған. Ал 1 жағдай пеш құрылысы және оны пайдалану кезінде өрт қауіпсіздік ережелерінің бұзылуынан болып отыр. Газ баллонының ақауынан да 1 жағдай орын алған.

Орын алған 6 өрт оқиғасының нәтижесі бойынша кінәлі тұлғаларға ҚР ӘҚБТҚ-нің 410 бабы, 3 бөлімі бойынша 1 заңды тұлғаға айыппұл түріндегі шарасы және 410 бабы, 1 бөлімі бойынша «Ескерту» түріндегі 4-әкімшілік шара көрілсе, 3 жағдай бойынша 410 бабы 1 бөлігімен 3 ескерту және 336 бабы бойынша 36920 теңге айыппұл салынды. Тергеу реттілігімен Қызылорда облысы төтенше жағдайлар департаментінің анықтау бөліміне 1 құжат жолданды, – дейді ол.

Аудан көлемінде мемлекеттік орман қоры 769 482 гектарды құрайды. Оның ішінде орманмен қамтылған жерлер – 255 807 гектар. Аудан бойынша кент орта-

лығында 1 мемлекеттік өрт сөндіру бөлімі мен кент орталығынан шалғай жерде ауылдық округтерде 4 өрт сөндіру бекеті орналасқан. Қазіргі таңда өрт оқиғалары орын алған аумақтарға қызмет жасауда. Жыл басынан бері орман шаруашылығының аумағындағы өрттердің алдын алу және шұғыл ден қою мақсатында 2 рет өрт-тактикалық оқу-жаттығу өткізілген. Аталған мекеме 2 өрт сөндіру автокөлігі, 10 мотоцикл, 2 МТЗ-82 тракторы, 1 тіркемелі 3 тонналық өрт сөндіргіш цистернасы, 1 ХТЗ-150 тракторы соқасымен, 1 Лутогн тракторы соқасымен, 2 парטרүлдік Газель-Соболь, Уаз-Фермер автокөліктерімен алғашқы құрал-саймандар бойынша 20 ұрғыш, 30 күрек, 3 мотопомпа, 10 арқаға салып жүретін өрт сөндіргішпен қамтамасыз етілген. Өртке қарсы резервте 1 тонна дизель отыны және 0,5 тонна бензинмен қамтылған. Жалағаш аудандық №11 ӘСБ-нің шығу ауданында 704 өрт гидранты орналасқан. Аудан орталығында 163 өрт гидранты бар, елді мекендерде 532 өрт, және нысандарда 9 гидранты бар.

Биылғы ауданда 3 суға кету жағдайы тіркелген. Салдарынан 3 адам (оның 2-еуі бала) қаза болды. Биыл «Жазғы суға шомылу маусымы кезеңінде су айдындарында төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында атқарылатын жұмыстарының іс-шара жоспары» бекітілген. Жалағаш

ауданы Төтенше жағдайлар бөлімі, Жалағаш ауданы № 11 өрт сөндіру бөлімі, еріктілер, аудандық полиция бөлімінің қызметкерлері мен жергілікті атқарушы органдар бірлесіп күнделікті сағат 14:00-ден 21:00-ге дейін адамдардың белгіленбеген орындарда суға шомылуға қатаң тыйым салынатынын және мас күйінде шомылуға болмайтынын жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізген.

– Кез келген төтенше жағдайдың себеп-салдарына үнілсек, бірінші кезекте қауіпсіздік ережелерінің сақталуынан өкенин түсіне қоямыз. Бірақ ол кеш болады. Бізге мұндай жағдайлар орын алмай тұрып оның алдын алуымыз керек. Олай болмаса, өлі де салдарымен күрес береміз. Тұрғындар қарапайым ережелерді сақтай бермейді. Оның соңы үлкен шығынмен аяқталып жатады. Тіпті адам шығыны да орын алуы мүмкін. Сондықтан «сақтансаң, сақтайтының бәріміз қаперден шығармауымыз керек, – дейді спикер.

Брифинг соңында Асанәлі Арапбаев БАҚ өкілдерінің де бірқатар сауалын жауапсыз қалдырмады. Сондай-ақ ол төтенше жағдайлардың алдын алуда халықты құлақтандыру үшін тілшілерді бірігіп жұмыс жасауға шақырды.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Сақтансаң, сақтайды

Орман және дала алқаптарын өрттен сақтайық!

Жыл мезгілінің көктем, күз айларында тұрғындар егістік жерлерді, бау-бақшаларды, қора-жайларды, мекемелер мен шаруашылықтар өздеріне тиесілі жерлерді құраған шөптерден, қоқыстардан тазартуға кіріседі. Сол кезде жаппай от жағу жұмыстарын бақылаусыз қалдырғаннан, от ұшқандары табиғат байлығы орман-тоғайларға тиіп өртке айналады. Өрт жануарлар өлемі, ағаштарды, сексеуілдерді, өсімдіктерді жойып, жақын орналасқан елді мекендердегі тұрғын үйлер мен құрылыстарға қауіп төндіреді.



Дала және орман өрттерінің шығуының басты себебі халықтың демалу және жұмыс жасау орындарында ашық отты пайдаланудағы аңғалдықтырына, ауылшаруашылық техникаларын пайдалануда өрт қауіпсіздігі ереже талаптарын бұзу салдарынан орын алып отыр.

Сондықтан қарапайым өрт қауіпсіздік ережелерін сақтаңыздар:

- ашық отты пайдаланғанда бақылаусыз қалдырмай, оны жасөспірім балаға сеніп тапсырмаңыз;
- табиғатқа демалысқа шығып ашық отты пайдаланып оның шоктарын толық сөндіріп, су сөйлеп, кәміп кету керек;
- далалық жерлерде егіс алқаптарын дайындау кезінде бей-берекет от қойып, жер аршу-газалау мақсатында пайдаланбаңыз;
- автокөліктер мен ауылшаруашылық техникаларын пайдалану кезінде де өрт қауіпсіздігін сақтап, олардың қозғалтқыштарынан от ұшқандарын ұстап қалатын қорғағыштар орнату керек;
- әр жерге темекі шегуге жол бермей, оған арнайы орын бекітіп оның сөндірілуін бақылау қажет;
- өрт қауіпсіздік ара-қашықтық жерлері уақытылы жыртылып тұру керек.

Құрметті аудан тұрғындары!

Көктемгі, жазғы маусымдарда өрт қауіпсіздік шараларын сақтаңыздар! Құрғақ әрі ыстық ауа райы кезінде өрт шығу қаупі ұлғая түседі. Кішкене от ұшықпай, өшірілмеген сіріңке мен темекі тұқылдары өртке әкеліп соқтыруы мүмкін.

Өрттің алдын-алу мақсатында төмендегі шаралардың орындалуын ұсынамыз:

- ауладағы құл-қоқысты өртеу кезінде отты бақылаусыз қалдырмаңыздар;
- желді күні от жақпаңыздар;
- өртеу кезінде ғимарат пен құрылыстан 50 м ара-қашықтықты сақтаңыздар;
- қоқыстарды өртеуді жасөспірімге сеніп тапсырмаңыздар;
- өрт болған жағдайда дабыл дыбысын беру арқылы өрт болған жерге жиналып, өрт күш алып кетпес үшін қолда бар құрал-саймандармен өрт сөндірушілер келгенше ұйымдастырған түрде сөндіруге кірісіңіздер.

Естеріңізде болсын! Егерде Сіздерге қауіп төнген жағдайда, Сізге көмек қажет болса «112», «101» Құтқару қызметі телефон нөміріне хабарласыңыз.

Құрметті аудан тұрғындары! Жоғарыда аталған ережелерді сақтаңыздар. Сонымен қатар Жалағаш ауданының Төтенше жағдайлар бөліміне 31-2-07 сенім телефоны жұмыс жасайтынын ескертеміз.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

Диқандар күзгі науқанға кірісті



Жалпы республикада астық сақтаудың жалпы сыйымдылығы 30 млн тоннаны құрайды, бұл болжанып отырған егін көлемін сақтауға жеткілікті. Сонымен қатар жекелеген астық қоймаларының жүктемесі өлі күнге жоғары болып отыр. Осы ретте Премьер-министр Олжас Бектенов элеваторларды өткен жылғы егін қалдықтарынан 10 қыркүйекке дейін босатуды тапсырған. Облыстардың өкілдері Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігімен бірлесіп, элеваторлар қызметі бағасының негізсіз өсуіне жол бермеуі тиіс.

Өндірілген ауыл шаруашылығы өнімдерінің, оның ішінде негізгі экспорт нарықтарында өткізуді қамтамасыз етудің маңыздылығы тағы бар. Сол себепті бүгінде Сауда және интеграция министрлігі Қытай, Таяу Шығыс, Африка және басқа да елдердегі серіктестермен осы бағыттағы жұмысты жандандыруды қолға алған.

Биыл ауданда 37 676 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары орналас-

тырылған. Оның ішінде Сырдың басты дақылды 19 800 гектарды құрап отыр. Мұнан бөлек 770 гектар жаздық, 129 гектар күздік бидай, 40 гектар арпа, 665 гектар мақсары, 200 гектар қант құмайы, 65 гектар соя, 5 гектар сұлымыз тағы бар. Мал азығына көлсек, 4 850 гектар жаңа жоңышқа егіліп, 8091 гектар ескі жоңышқа күтімге алынды. Сондай-ақ 650 гектар картоп, 1115 гектар көкөніс және 1296 гектар басқа да бақша дақылдары егілген.

Аудан шаруашылықтары техника паркін жаңарту жұмыстарын үнемі жүргізіп келеді. Биыл 669,4 млн теңгеге 13 ауыл шаруашылығы техникасы сатып алынған. Көктемгі науқанда техникадан мәселе болмаған. Жыл сайын күзгі науқанда өнімді жауын-шашынға қалдырмай жинап алып жатыр. Биыл да мәселе болмайтынына өңір диқандары сенімді.

Жандос ЖАЗКЕН

БАСЫ 1-БЕТТЕ

12 тамыз – Халықаралық жастар күні. Осы ретте, жастар күнін атап өту мақсатында аудан әкімдігінің қолдауымен, жастар ресурстық орталығының бастамасымен 3-12 тамыз аралығы ұлттық онкүндік болып бекітіліп, әртүрлі бағыттағы шаралар ұйымдастырылды.



Жалынды жастар – ел ертеңі

Қоршаған ортаның тазалығына жауапкершілікпен қарау – әрбір азаматтың басты міндеті. Осы ретте, жастар күнін атап өту тазалық акциясымен бастау алды. «Жасыл ел» еңбек жасағының жастары мен еріктері «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында «Тағзым алдысы» мен «Астана» саябақтарына құлқыстан тазартты.

Еліміздің алтын дінгегі болған қарттарымызға құрмет көрсетуде жалағаштық жастар жолынан еш жаңылған емес. «Қарттарымызды құрметтеп, олардың қажеттіліктеріне жарай білу біздің басты парызымыз» деген жастар, мереке қарсаңында ардагер аналарымыздың үйіне барып, тазалық жұмыстарын жүргізіп, қажетті қол көмектерін көрсетті. Бұл шараның нәтижесінде игі іске жұмылған жалағаштық ерікті жастар ардагер анамыздың риясыз лебіне бөленді. Бұдан бөлек, барлық ауылдық округтердің ерікті жастары да тыл ардагерлеріне, жалғызбазды қариялар мен көпбалалы аналарға көмек көрсетті.

Мерекеңіз үшінші күні жастар кент орталығында орналасқан тарихи-мәдени мұра объектілеріне барып, тазалық жұмыстарын жүргізді.

Шара барысында орталықтағы Ұлы Отан соғысы құрбандарына арналған ескерткіш және аллеядағы Социалистік Еңбек Ері, мемлекет және қоғам қайраткерлері және Ауған соғысына, Семей, Чернобыль апаты зардаптарын жоюға қатысушылардың құрметіне арналған ескерткіш аумағында санатарлық тазалық жұмыстары ұйымдастырылып, ескерткіштердің маңыздылығы жастарға кеңінен насихатталды.

Жастарға жан-жақты қолдау көрсету – мемлекетіміздің басты міндеттерінің бірі. Бүгінде жастарды еңбекпен қамтитын түрлі шаралар, мемлекеттік бағдарламалар арқылы жастарға қолайлы мүмкіндіктер алаңы ашылууда. Білім алып, белгілі бір маман иесі атанған және өз кәсібін ашып шаруасын ілгері жылжытуға ниеттенген жастар үшін мемлекеттік бағдарламалардың тиімді тұстары мол. Осы ретте жастар ресурстық орталығының қызметкерлері аудан тұрғындарын мемлекет тарапынан берілетін жеңілдіктер және бағдарламалармен құлағдар етіп, ұнарақтар таратты.

Келесі күні Қазақстандық кинорежиссерлардың фильмдерін көрермен назарына ұсына отырып, жастар бойына отансүйгіштік пен патриоттық сезімді ояту мақсатында «Asran Sinema» ашық аспан астында «Еркебай» фильмінің көрсетілімі өткізілді.

«Еркебай» – әртүрлі жастағы аудиторияны өзіне баурап алатын ағартушы кино. Шым-шытырыққа толы «Еркебай» фильмінде бай баласының бастан кешкен оқиғалары баяндалады. Туынды қазір көптеген кино өнерін бағалаушы тарапынан оң бағаға ие болып үлгерді. Аталған фильмді тамашалауға келген көрермендер ұйымдастырушыларға алғыстарын білдірді.

Мұнан бөлек, жастар күніне орай кент орталығында «Денсаулық – зор байлық» тақырыбы аясында жылжымалы диагностикалық медициналық көшпені қызмет көрсетті. Медициналық көшпені азаматтардың денсаулығын тексеруге қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Ашық есік күні аясында көшенің скринингтік тексеру, қант деңгейі, холестерин мөлшері, төрәлеп дәрігері, жастар денсаулығы дәрігері, жасөспірімдер дәрігері, психолог, рентген аппараты аудан тұрғындарына сапалы қызмет көрсетті. Сондай-ақ тұрғындар портал арқылы ауруханаға жату, тегін дәрі-дәрмек алу бойынша қойған сұрақтарына мардымды жауап алды.

Мұнан кейін кент орталығында жастарды әлеуметтендіруге бағытталған «Мүмкіндіктер алаңы» атты кеңес беру шарасы өтті. Іс-шараның мақсаты – жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейін төмендету, кәсіпкерлікті дамыту және жастардың сұранысындағы қажеттіліктерді қамтамасыз ету.

Шараға аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі, ауылшаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі, тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық жолғаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі, Мансап орталығы, аудандық аурухана, «Азаматтарға арналған үкімет» МККЕАҚ мамандары қатысып, тұрғындар көкейіндегі сауалдарды тыңдап, мемлекеттік бағдарламалар мен мүмкіндіктер жайлы кеңінен баяндады.

«Мүмкіндіктер алаңына» қатысу арқылы жастар сала мамандарынан жұмысқа орналасу, жастар кәсіпкерлігі, білім, тұрғын үй мәселесі, денсаулық, жастарға арналған мемлекеттік бағдарламалар бойынша кеңес алды.

3 тамыз күні бастау алған шара 12 тамыз күні Бұқарбай батыр ауылындағы саябақтан аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың бекенді жастармен кездесуімен қорытындыланды.

Кездесу барысында аудан әкімі жастарды айтулы күнмен құттықтап, аудан бойынша жастар саясатының жүзеге асыру мақсатындағы жобаларды тілге тиек етті.

– Жастар қазіргі қоғамның жетекші күші ретінде еліміздің дамуы үшін жауапты екені мәлім. Еліміздің тарихи мен мәдениетінің тағдыры, дамуы мен өркендеуі, жалпы бүгінгі мен ертеңі де жастарға байланысты. Бүгінде ауданымызда 10 866 жас бар. Кәсіпкерлік саласының 30-дан аса пайызын осы жастар қауымы құрайды. Мемлекеттік қызметте, білім, денсаулық, мәдениет саласында да жастардың өзіндік орны ерекше. Қазіргі таңда ауданымызда «Руханият» орталығының құрылысы салынып жатыр. Аталған орталықта жастар ресурстық орталығы болады. Биылғы жылы жастар саясатын қолдауға бюджеттен 10 млн теңге қаржы қаралды. Бұл шығырғы жылға қарағанда 2 есеге жоғары. Аудан жастарының ұйымдастыруымен 110-нан аса шара ұйымдастырылып, 4000-нан аса жас қамтылды», – деді Ардақ Ибраимов.

Аудан басшысының жастармен өткізген еркін форматтағы кездесуінде үстел теннисі, қол күрес және гір спортынан үздіктер сайысы түсіп, жеңімпаздар марапатталды.

Сондай-ақ, жас кәсіпкерлердің көпөнер бұйымдары мен тың бастамаларынан жасалған көрме көпшілік назарына ұсынылды. Кездесу барысында жастар саясатының жүзеге асыруа субелі үлес қосып жүрген жалынды жастарға облыс және аудан әкімінің алғыс хаттары табысталып, кездесу соңы кентің орталық алаңында мерекелік концертпен қорытындыланды.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Таным

Ғалам ғажаптары


Әлемде ғажап нәрсе көп. Әрбір елдің немесе халықтың өзіне тән мәдениетінің, өмір салтының әралуандығына байланысты тұрмыстағы ғимараттары да біз үшін ерекше болып көрінеді. Көрсең көздің жауын алатын әлемдегі сәулетті ғимараттарға тоқталып өтсек.



Қала ішіндегі қала

Нидерланд сәулетшісі Пит Блом жобалаған бұл төртбұрыш пішінді ғимарат – Роттердамдағы ғажап сәулет өнері. Мұндағы әрбір баған 45 градусқа қисая орналасқан.


Қалада дәл осындай 38 үй бар. Олардың әрқайсысы үш қабаттан тұрады. Физика заңдарына қайшы келетін бұл заманауи ері ерекше стильді ғимараттар туристердің назарын еріксіз аударды. Тіпті тізбектелген текше тәрізді үйлер бір қарағанда жер үстінде қалқып тұрғандай көрінеді. Сәулетші Пит Блом сол себепті де өз жобасын «Қала ішіндегі қала» деп атаған.



Гувер бөгеті

Колорадо өзені арқылы өтетін орасан зор бөгет 60 қабатты ғимараттың биіктігінде деңгейде орналасқан және 1,3 миллион тұрғын үйге жеткілікті электр энергиясын өндіреді.

Бөгет салу жұмыстары Колорадо өзенінде 1931 жылы басталып, бес жылда аяқталған. Құрылыстың ұзындығы – 379 метр, биіктігі – 221 метр. Ол 20 жыл бойы әлемдегі ең биік бөгет болып саналған. Бүгінде әлемдегі ең биік бөгет – Вахш өзеніндегі Рагун бөгеті. Оның биіктігі – 335 метр.



«Hang Nga» қонақ үйі

Сәулет өнері нәғұрлым ерекше болса, соғұрлым танымал. Бұған сәулетшінің қайталанбас идеясы, тіпті құрылысының қателігі себеп болады. Ал кейде қарапайым ері креативті өнер туындысына жұрттың ынтасы мен ықыласы ерекше артып тұратыны тағы бар.

Мәселен, «Hang Nga» қонақ үйіне бір қарағанда, ол өзі осындай болып жер астынан өскен, ал адамдар оны қонақтар қабылдауға аздап қана бейімдеген сияқты өсер туғызды. Ал шындығында, ғимарат толығымен вьетнамдық сәулетші Данг Вьет Нгань қолынан шыққан. Ол қонақ үйдің дизайнын жануарлар, саңырауқұлақтар сияқты табиғи элементтермен безендірген. Қонақ үй осыншалықты қарапайым болса да, табиғатпен тамырласып жатқаны үшін мұнда келетін туристердің қарасы өте көп.

«ЖЖ» ақпарат

Мәселе

Мопедті ережесіз айдайтындар көбейген

Елімізде биыл 6 айда мопедтердің қатысуымен 542 жол апаты, 31 мыңнан астам құқық бұзушылық тіркелген. Оның ішінде 67 жағдай көмекетке толмаған жасөспірімдердің қатысуымен болған. Жыл басынан бері мопедпен болған жол апатынан 27 адам қаза тауып, 577 адам жарақат алған. Мамыр айында заңға толықтырулар енгізіліп, мопед айдаушыларға арнап біраз ережелер жаңартылған заңға өзгеріс ұсынылды. Қандай өзгерістер енгізілбек, яки ол өзгерістер пайда береді ме?

Мәжілісте мопед жүргізушілеріне қатысты жаңа заң жобасы қаралып жатыр. Енді көлікке ие болған 6 айдың ішінде мопед иелері оны есепке қойып, А1 санаты бар жүргізуші куәлігін алуы міндеттелуі мүмкін. Себебі, қазір ел бойынша мопедтердің қатысуымен болатын жол апаттары көбейген.

Тәртіп сақшылары арнайы алдын алу шараларын жүргізгенімен нәтиже аз. Сәуір айында Мәжіліс депутаттары «Жол жүрісі туралы» заңға түзетулерді бірінші оқылымда мақұлдаған болатын. Заң жобасында көліктердің жекелеген түрлерінің қозғалысын бақылау ұсынылды. Бұл мопедтерді пайдалануға және қозғалыс ережелерін реттеуге мүмкіндік береді. Заңға енгізуге ұсынылған өзгерістер бойынша толықтыра кетейік, бұл көлік түрін жүргізу үшін жүргізуші 16 жастан асуы керек. Сондай-ақ А1 санатындағы жүргізуші куәлігін алу керек және ол куәлікті алу үшін емтиханға тек автоматтесттеп оқығандар қатыса алады.

Қазіргі көліктердің ішіндегі ең қолжетімді болғандықтан елімізде мопед жүргізушілерінің саны артаң. Үлкен қалаларда құжынаған көліктермен жағаласып, қашаң қай бүйіріңнен шыға келетін белгісіз зулайтын мопед мінгендерге көзіміз әбден үйреніп те кетті. Сөйесінше, мопедтердің жол апатына ұшырау жағдайлары да жиілей



түскен. Мамандар мұның мәнісін мопед айдаудағы ережені дұрыс білмеулерімен байланыстырады.

Жалпы ережелерді бұзған жағдайда жүргізушілер Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің екі бабы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Яғни заңның 593 және 620 баптарына сәйкес жолғаушылар мен жүктерді тасымалдау қарғидаларын сақтамау мен жол қозғалысына қатысушыларға қойылатын өзге де талаптарды бұзғаны үшін оларға 5 АЕК немесе 17 250 теңге көлемінде әкімшілік айыппұл салынады.

– Соңғы жылдары елімізде мопед айдаушылар өте көп болып кетті. Жол-көлік оқиғасының ішінде мопедтермен болған жағдайлар да біраз тіркелген. Бұрын біз байқамайтынбыз, себебі ол кезде мопедтің саны аз еді. Соңғы жылдары сол мопедтің көбеюін мамандар көптегімен байланыстырады. Үлкен қалалардағы көптегілік ұзақтығына қазір көбісі мопед айдайды. Жол жүру ережесін қатқадасына сүйенетін болсақ, мопедтер жолдың оң жақ жиегімен жүруі тиіс. Ал қазір мопед

жүргізушілері ешқандай емтихан тапсырмағандықтан, бұндай ереже барын да білмейді. Алдағы уақыттарда осы өзгерістермен заңды қолданысқа енгіссе, мопедке қатысты жол апаттары азаяды деп үміттенеміз, – дейді автонұсқаушы Ерболат Әбдуқадиров.

Ешқандай көптегілік болмайтын біздің ауданда да мопед, мотоцикл көліктері көбейген. Сәйкесінше оның ішінде көмекетке толмағандар да, үлкен кісілер де бар. Тіпті мотоциклге байланысты 5 жол-көлік оқиғасы тіркеліп үлгерген. Оның 2 жағдайында 54 және 41 жастағы екі адам қаза тапқан.

Мамандардың айтуынша, жол апатын азайтудың тағы бір жолы мопедтер мен мотоциклдерді тіркеу. Оның мәнісі тіркелген мопедтерге көлік секілді жеке номер береді және сол номерлер арқылы айыппұл жазылады. Сол кезде жүргізушілер айыппұл төлемес үшін жоғарыда айтылғандай жол ережелерін бұзбауға тырысады.

Статистикаға сүйенер болсақ, қалалық жерлердегі ауруханаларға түсетін пациенттің шамамен үштен бірі – жол-көлік апатынан зардап шеккендер. Ал

Ақнұр АЛТЫНБЕК

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ
Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы
Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2850 Тапсырыс № 1294